

## 2021 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 қаңтардағы № 159 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 қаңтарда № 8132 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 6 желтоқсандағы № 526 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 06.12.2021 № 526 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған ауданының әкімі*

*Р. Рустемов*

Жаңақорған ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 19 қаңтардағы № 159  
қаулысына 1-қосымша

### **Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны /адам/	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі(%)
1	"Сұнкар" шаруа қожалығы	20	0,2
2	"Әділет-Д" шаруа қожалығы	10	0,1

3	"Жер-Мұра" шаруа қожалығы	5	0,05
4	"Дархан-2006" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	0,1
5	"Дос" шаруа қожалығы	5	0,05
6	"Тұрабай" жеке кәсіпкер	6	0,06

Жаңақорған ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 19 қаңтардағы № 159  
қаулысына 2-қосымша

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны /адам/	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі(%)
1	"Тұрабай" жеке кәсіпкер	6	0,06
2	"Нұр-Шах" дара кәсіпкер	5	0,05

Жаңақорған ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 19 қаңтардағы № 159  
қаулысына 3-қосымша

**2021 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны /адам/	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі(%)
1	"Жаңақорған ауданының білім бөлімінің Н.Илялетдинов атындағы №169 жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	159	1